

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕ СЫН ЕСІМ ШЫРАЙ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Байбулатова Камила Жасарбекқызы

магистр

Чирчиқ давлат педагогика университети

### Аннотация

Бұл мақалада біз өзбек және қазақ тілдерінің сын есім шырай категориясының зерттелу тарихы және зерттеуші ғалымдар туралы, сонымен қатар шырай категориясының жалпы түсіндірмесі туралы айтамыз.

*Кілім сөздер:* сапа, концепт, категория, галам, объективтену.

### Annotatsiya

Bu maqolada o'zbek va qozoq tillarining sifat darajalarini o'rganish tarixi va tadqiqotchi olimlari haqida so'z yuritimiz hamda sifat darajalariga umumiy izoh beramiz.

*Kalit so'zlar:* sifat, tushuncha, kategoriya, olam, ob'ektivlashtirish.

### Annotation

In this article, we will talk about the history and researchers of the study of quality levels of Uzbek and Kazakh languages and give a general explanation of quality levels.

*Key words:* quality, concept, category, world, objectification.

Басқа елдердің тілдері сияқты өзбек тілінің ерекшелігін айқындайтын сөз таптарының ішінде сын есім, оның ішінде сапа дәрежелеріні – қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа сол қалпында жеткізу, үйрету, осы күндегі алдыңғы буынның және де осы тілді үйретуші оқытушылардың негізгі міндеті болып саналады.

Сын есім – негізгі сөз табының бірі. Сыртқы тұлғасына қарағанда сын есім мен зат есім түрлес. Атау күйінде тұрғанда бұл екі сөз табының тұлғалық айырмашылығы көзге көрінбейді, екеуінің арасында жік жоқ сияқты. Сондықтан Түрік системалы тілдерді зерттеушілерде сын есімді сөз табы деп тануда үлкен күмандаушылық болып келді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст: ф.ғ.д. Ф.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

Біз сөз еткелі отырған сын есім шырай категориясы өзбек тіл білімінде болсын, қазақ тіл білімінде болсын немесе тіптен тюркологияда болсын жалпы түбегейлі зерттеу жұмыстары алып барылды. Сондай-ақ, бүгінгі таңда сын есім шырай категориясы тақырыбы аясында докторлық диссертациялар, магистрлік диссертациялар, ғылыми мақалалар жазылып зерттелуде дегенмен, түркі тілдері мен орыс, ағылшын тілдерінде шырай категориясы салғастырмалы түрде зерттеліп, қазақ және өзбек тіліндегі шырайлардың жасалуы, түрлері, айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы зерттеу жұмыстар жоқтың қасы.

Қазақ және өзбек тілдерінде де басқа түркі тілдері сияқты сын есім шырай категориясы күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу объектісі болып отырған қазақ және өзбек тілдеріндегі шырай категориясының сипаты мен өзіндік ерекшелігіне арналған ғылыми еңбектер мен мақалалар жеткілікті. Қазақ, өзбек тілдеріндегі сын есім және оның жасалуы, олардың байланысы мәселесінде жүйелі еңбек етіп, тынымсыз ізденістер жасаған Ғ.Мұсабаев, А.Ғуламов, Ә.Қайдар, Ш.Рахматуллаев, А.Ысқақов, М.Томанов, А.Хожиев, Ә.Төлеуов С.Исаев, Р.Қонгиров, Е.Жанпейісов, М.Содиқова, Б.Орынбаев, С.Каримов, Т.Сайрамбаев, Б.Юлдошев, Ж.Шәкенов, Ф.Оразбаева, З.Пардаев, Е.Ағманов Ж.Сарбалаев, Г.Сыздықова, Ұ.Серікбаева, т.б. зерттеулерін және еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Қазақ және өзбек тіліндегі сын есімдер ғаламның тілдік бейнесінде “сапа” белгісін білдіреді. Сын есімдерде белгілі бір зат туралы ақпарат берілумен қатар оның өзіндік белгісін, ерекшелігін де көрсетеді. Қазақ тілінде Қ.Жұбанов сын есімді былайша сипаттайды: «Сын есім деген заттың не істің сыпат белгісін көрсететін, шырай үстеулері мен үстеуіштерін ертетін, зат есімге де, етістікке де анықтауыш бола алатын, анықтауыш болғанда анықталушысы мен өзінің арасына зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сан есім анықтауышты еркін салатын түбір...»<sup>1</sup>. Осы орында өзбек тілінде де Ө.Тұрсынов, А.Мұхторов, Ш.Рахматуллаевтың «Қазіргі өзбек әдеби тілі» оқулығында да бұл сөз табына арнайы тоқталып, яғни, «Заттың(заттардың) белгісін, иісін, реңін, түсін, пішінін, көлемін, жағдайын, дәмін, білдіретін дербес сөздерді сын есім дейміз»<sup>2</sup>-, деп сипаттайды. Көріп отырғанымыздай қазақ және өзбек тілдерінде сын есімнің жасалуында дерлік айырмашылық көзге тасталмайды.

«Сапа» концепті қазақ және өзбек ғаламының тілдік бейнесінде түрлі тәсілдермен беріледі. «Сапа» концептінде қоршаған әлем туралы ақпарат көрініс табады. Қоршаған ортаны адам сезім мүшелері арқылы қабылдап, түйсінеді.

<sup>1</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. 482 б.

<sup>2</sup> Tursunov U., Muxtorov A., Rahmatullayev Sh. Hozirgi o'zbek adabiy tili. -Toshkent: O'zbekiston, 1992.-B.280- 287.

Ғаламның сапалық белгісі сенсорлық жүйе арқылы байқалады (иіс, дәм, көру, есту, сезіну). Адамның сенсорлық қабылдауы туралы қазақ лингвист ғалымы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде толық қамтылған: атап айтқанда, «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз»<sup>1</sup> деген пікір айтса, өзбек тілі маманы Азим Ходжиев сын есім – предмет белгісіні білдіретін сөз табы деген пікірін айтқан. Грамматикада белгі сөзі кең көлемді болып, ол рең, дәм, өлшем ерекшеліктері және осы сияқтыларды білдіреді. Мысалы, қызыл, тәтті, кең, сүйікті, құлыретті т.б.<sup>2</sup> деген пікір білдіреді. Яғни бұл пікірлерден А.Байтұрсынов, А.Ходжиев еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулерін оқулық авторлары ескеріп, сапа категориясы танымның маңызды категориясы болып, сөздердің адъективті тобы тілдің дүниетанымын, әлемді тануерекшелігін көрсетеді.

Тілдің концептуалды жүйесі әркелкі, әртүрлі концептілер жиынтығынан құралады. Біз зерттеп отырған қазақ және өзбек тілдерінде сапа негізгі (іргелі) концепт болып табылады, сол арқылы грамматикалық объективтену ерекшеліктері көрінеді. Объективті болмыстың сапалық ерекшеліктерін білдіретін сөздердің грамматикалық тобы қалыптасады. Қазақ тілінде де, өзбек тілінде де сын есімдердің ерекше грамматикалық формалары бар, бұл концепт қазақ және өзбек ментальділігі үшін ерекше маңызды. Қазақ және өзбек тіліндегі сын есімдерге талдау жасау негізінде когнитивті тіл білімінде грамматикада іргелі, негізгі концептілердің көрініс табатынын байқауға болады. Қазақ тілінің ғаламның тілдік бейнесінде «сапа» концепті өзіндік өріс құрылымы бар өріс орталығын құрайды.

Қазақ тіліндегі шыққан тұңғыш грамматикасында сапа дәрежелерін сипаттайтын шырай танылып, оны түрлері анықталып, олардың жасалу жолы көрсетіліп, көрсеткіштерінің мағынасының анықталуын үлкен жетістік деп бағалау дұрыс деп санаймыз.

Өйткені ХХ ғасырдың басында қазақ лингвист ғалымы А.Байтұрсынов шырайдың не екенін біршама сипаттап берсе де, ХХІ ғасырдың басына дейін бұл мәселенің әлі де шешілмеген мәселелері баршылық.

<sup>1</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

<sup>2</sup> Hojiyev A. Tilshunoslik terminlarining izohli lug'ati. – Tashkent, 2010.

Сын есімнің шырай категориясын қазақ және өзбек тіл білімінде көпшілік ғалымдар шырай категориясын — грамматикалық категория деп таныған. Атап айтқанда, өзбек лингвист ғалымдарынан А.Ғуламов, Ш.Рахматуллаев, А.Хожиев, Р.Қоңғиров, М.Содиқова, Б.Оринбоев, Б.Юлдошев, З.Пардаев тағы басқалар және қазақ лингвист ғалымдарынан А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, К.Аханов, Ғ.Әбуханов, М.Б.Балақаев (бастауыш мектептің оқулығында), Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Б.Катембаева, Н.Оралбаева, Н.Мадина, А.Әбілқасымов, Ж.Шакенов, Ы.Маманов, А.Ысқақов, Ә.Төлеуовтер сын есімнің шырайларын лексика-грамматикалық категория деп таныған. Осы айтылғандарды қорыта келе, шырай категориясының мынадай өзіндік белгілерін көрсетуге болады:

1. Шырай – жалпы сын есімге емес, сапа сынына қатысты категория. Сапа сындары ғана шырай формаларында қолданылады. Қатыстық сындардың ішінен сапа мәніне ие болған сөздер ғана шырай формасында қолданыла алады. Мысалы, өте ақылды, сенен ақылдырақ, көріктілеу, аса көрікті, тым маңызды, маңыздырақ, әсерлірек, өте әсерлі, деген сияқты қолданыс бар. Бірақ, ең таулы, таулырақ, сусызырақ, өте сусыз сияқты қолданыс тілде жоқ.

2. Сапа сынының шырайы – жалғыз сөз түрлендіруші грамматикалық категориясы.

3. Шырай грамматикалық сөз түрлендіруші категория болғандықтан, оның сөз түрлендіруші өз парадигмасы бар.

4. Шырай категориясының сөз түрлендіруші қызметі сөйлемге, контекстке қатысты, сөйлем ішінде ғана шырай қызмет атқарады. Бұл да шырайдың грамматикалық категория екенін дәлелдейді, өйткені грамматикалық категориялардың ғана қызметі сөйлеммен байланысты.

5. Шырай категориясы басқа сөз таптарында жоқ, басқа сөз таптарының сөздері шырай парадигмасы бойынша түрленбейді.

6. Шырайдың өзіндік грамматикалық мағынасы бар, ол мағынаның ішкі ерекшелігі өзіндік құрамы бар.

7. Шырай категориясының өзіндік морфологиялық көрсеткіштері бар, олар шырай категориясының мағынасын білдіреді.

8. Шырай категориясының морфологиялық көрсеткіштері тілде әбден қалыптасқан, олар көне замандардан бері қолданылып, келе жатыр. Оған шырай көрсеткіштерінің түркі тілдеріне ортақтығы дәлел.

9. Шырай категориясының мағынасы, екі не одан да көп заттағы бір сындық белгінің артық кем дәрежесін білдіреді.

10. Шырайдың қолданыстағы ерекшелігін ескеру шырайдың түрлерін анықтауға көмектеседі.

11. Шырай формасы бойынша түрленген сөздердің білдіретін грамматикалық мағынасын анықтауда ол сол сапа сынының формасымен салыстырылады.

Сапалық деңгейлерде, сапаның мағыналық түрлерінің жіктелуінде, соған байланысты пікірлерде (өзбек тілінің грамматика оқулықтарында және түркі тілдерінің грамматикаларында) біршама айырмашылықтар бар. Мысалы, «Ўзбекча тил сабоқлиғи» китобида «Сифат сирлари» шырай категориялары деп: 1. Содда сифат, 2. Чоғиштириш сифати, 3. Оширма сифат, 4. Озойтириш сифаты сияқты беріледі. Ал, «Ўзбек тили грамматикаси» оқулығында шырай категорияларын 1. Оддий даража, 2. Чоғиштирма даража, 3. Оширма даража деп жіктейді.

А.Н.Кононов шырай категорияларын екіге бөледі. 1. Қиёсий даража, 2. Орттирма даража<sup>1</sup>.

Басқа түркі тілдерінде, атап айтқанда, қазақ, әзербайжан, татар, түрікмен тілдерінде де шырай категориялары 4-5 топқа жіктейді<sup>2</sup>.

Содиқова Мақсуда “Ҳозирги ўзбек тилида сифат” монографиясида шырай категорияларын 3 топқа жіктейді. 1. Орттирма дәреже, 2. Озойтирма дәреже, 3. Қиёсий даража. (Интенсив форма орттирма даража таркибида ўрганилди)<sup>3</sup>. Сонымен қатар осы монографияда шырай категориясын 3 топқа жіктеумен қоса сын есімнің семантик жақтан 9 топқа бөліп үйренуді алға қояды.

Ал қазақ тіліндегі шырай категориясын А.Байтұрсынов “Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектерінде” үш шырай яғни, жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай<sup>4</sup> деп, А.Ысқақов есе “Морфология” оқулығында жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай<sup>5</sup> деп, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, К.Аханов, Ғ.Әбуханов авторлығымен шыққан мектеп және педучилишеге арналған оқулықтарда жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай деп үш түрге бөлген.

Сондай-ақ, қазіргі қазақ тіл білімінде шырайдың грамматикалық категория деп танылуына қарсы пікірлер пайда болды. Сондықтан шырайдың қандай категория екенін шешу қажеттігі туғызған.

<sup>1</sup> Кононов.А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка, М, 1960, стр. 162-165.

<sup>2</sup> Зейналов, Принципы классификации именных частей речи, Баку, 1959, стр.146; Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1954, 252-бет; Современный татарский литературный язык, М., 1969. Стр. 172; ва ҳоқ.

<sup>3</sup> Содиқова М. Ҳозирги ўзбек тилида сифат. Тошкент. 1974.

<sup>4</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

<sup>5</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп баспасы, 1991. – 389 б.

Ғ.Мұсабаев жай шырайдың салыстыру мәні жоқ деп, оны шырайдан шығарғанмен, оқулықтарда жай шырай беріліп келді. Бірақ 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» жай шырай танылмаған<sup>1</sup>.

Бұл грамматикада шырайдың екі түрі ғана (салыстырмалы, күшейтпелі) танылған. 1954 жылдан бастап үш рет қайта басылып, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мамандарын дайындайтын құрал ретінде қолданылып келе жатқан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында шырайдың төрт түрі берілген.

Ал 2007 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты профессор Н.Оралбай авторлығымен шыққан жоғары мектепке арналған оқулықта жай шырай танылып, шырайдың үш түрі берілген. Тек осы жағдайдың өзі-ақ шырай мәселесін зерттеп, шырайдың түрлерін анықтаудың қажет екенін дәлелдейді.

Шырай жасайтын көрсеткіштер мәселесінде де пікір алалығы күшті. Ж.Шакенов, Ы.Маманов сияқты ғалымдарымыз салыстырмалы шырай көрсеткіштері ішінде сөзжасамдық жұрнақтар қосылып жүргенін дәлелдесе де, ол көрсеткіштер 2002 жылғы «Қазақ грамматикасынан» да орын алған.

Жалпы, сын есімнің өзіне тән белгілерін тіл білімі тұрғысынан жан-жақты талдап, зерттеудің теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызы зор екендігін айтып өткен.

Шырай категориясы дүние жүзі тілдерінің грамматикалық құрылысына қатысты және оларда танылып жүрген категория деп қорытуға болады. Ерте кезеңнен-ақ түрлі тілдердің грамматикаларында танылып келе жатқан, түрлі тілдерге ортақ осы тілдік құбылыс ғылымда ерте танылған.

Қорыта айтқанда сын есімнің шырайлары, шынында, өте нәзік сезімдерді, белгілерді, өзара бір-бірінен ажырататын негізгі тәсілдің (методтың) бірі.

Бүгінгі күнде қазақ және өзбек тіл білімі айтарлықтай дамып отыр. Нәтижеде тіл білімінде жаңа бағыттар пайда болуда. Біздің зерттеу объектіміз тек ғана осы екі тілдің грамматика саласындағы сын есім шырай категориясының ұқсас және ерекше жақтарын айқындап зертеу болғанына қатысты біз осы мәселе төңерегінде жазылған бір-екі еңбектер және зерттеушілерге тоқталдық. Әрі күрделі әрі қызықты болған тілдегі сын есім шырай категориясы әлі де болса жан-жақты зерттеуді талап ететін мәселе, ол үшін көптеген теориялық, практикалық және методикалық аспектидегі талай ғылыми жұмыстар зерттелуі тиіс деп айтқымыз келеді.

<sup>1</sup> Мұсабаев Ғ. Қазақ тіліндегі сын есімінің шырайлары. Алматы. 1992. – 88 б.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Hojiyev A. Tilshunoslik terminlarining izohli lug‘ati. – Tashkent, 2010.
2. Sayfulayev B.N. Structural Features of Uzbek-Kazakh Dialectal Phrasemas. <https://cajssh.centralasianstudies.org/index.php/CAJSSH/article/view/311>.
3. Sayfullayev B.N. Structural Features of Uzbek-Kazakh Dialectal Phrasemas. <http://cajssh.centralasianstudies.org/index.php/CAJSSH>.
4. Tursunov U., Muxtorov A., Rahmatullayev Sh. Hozirgi o‘zbek adabiy tili. - Toshkent: O‘zbekiston, 1992.-B.280- 287.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. 482 б.
7. Зейналов, Принципы классификации именных частей речи, Баку, 1959, стр.146; Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1954, 252-бет; Современный татарский литературный язык, М., 1969. Стр. 172; ва ҳоқ.
8. Кононов.А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка, М, 1960, стр. 162-165.
9. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
10. Содикова М. Ҳозирги ўзбек тилида сифат. Тошкент. 1974.
11. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп баспасы, 1991. – 389 б.